



ҚАЗАҚСТАН  
ТАРИХЫ  
ТУРАЛЫ ТҮРКІ  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

V  
ТОМ



**МӘДЕНИ МҰРА**

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША  
ТАЛДАП-БЕЛГІЛЕНДІ**

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ**

---

**Құл-Мұхаммед М. А.,** *бас редактор*

**Тәжин М. М.,** *бас редактордың орынбасары*

**Нұрғазин Н. М.,** *жауапты хатшы*

**Әбділдин Ж. М.**

**Әбусейітова М. Қ.**

**Әуезов М. М.**

**Байпақов К. М.**

**Бұрханов К. Н.**

**Ертісбаев Е. Қ.**

**Зиманов С. З.**

**Кекілбаев Ә.**

**Қасқабасов С. А.**

**Мағауин М. М.**

**Мәмбеев С. А.**

**Нұрпейісов Ә. К.**

**Нысанбаев Ә. Н.**


**Рахмадиев Е. Р.**

**Сұлтанов Қ. С.**

**Сүлейменов О. О.**

**Тасмағамбетов И. Н.**

**Хұсайынов К. Ш.**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ



МӘДЕНИ МҮРА

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ  
ТУРАЛЫ ТҮРКІ  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**V  
ТОМ**

**XV–XIX ҒАСЫРЛАР  
ШЫҒАРМАЛАРЫНАН  
ҮЗІНДІЛЕР**

Алматы  
“Дайк-Пресс” 2006



**ББК 63.3 (5 Қаз)**  
**Қ 18**

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:**

**Әбусейітова М. Қ. (төрайым),  
Муминов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),  
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы)  
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

**Құрастырған Д. Е. Медерова  
Ғылыми редакторы М. Қ. Әбусейітова**

**Қ 0503020905  
00 (05)-07**

**ББК 63.3**

**ISBN 9965-798-33-8**

© Құраст. Д. Е. Медерова, алғы сөз  
М. Қ. Әбусейітова, 2006

© “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

## Алғы сөз

**К**азақстан тарихы туралы деректемелердің арасында негізінен Шығыс Түркістан мен Орталық Азияның көршілес өңірлерінде құрастырылған түркі тілді шығармалардың маңызды мәні бар. Осы томда ұсынылып отырған Бина'идің “Шайбани-намесі”, “Зубдат әл-асар”, “Тазкира-йи Қожа-Мұхаммед Шариф”, “Та’рих-и Қашғар”, “Фирдаус әл-иқбал” секілді сыртқы деректемелер түркі халықтарының тарихты ұғынуына мұсылмандық тарихи дәстүрдің зор ықпалын көрсетеді. Бұл тарихи дәстүр өткендегі тарихты өз ыңғайына бұра тартып, біржақты түсіндіруге бейім болды.

Ішкі деректемелер — Орталық Азия тұрғындарының тарихи дәстүрлері. Олардың қатарында “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме”, Әбу-л-Ғазының “Шежіре-йи түркі”, Қадыр-Ғали Жалайырдың “Жамиғ ат-тауарихы” бар.

Көшпелілердің тарихи танымы олардың рухани өмірінің жеке бір ерекше саласы, көшпенділер әлемі жинақтаған жалпы білімнің дербес бір парасы болды. Далалық ауызша тарихнаманың өзіне тән айрықша әдістері болды. Осындай әдіс-амалдардың бірі жинақталған білімді топтамалау болған еді. Мұндай топтамалар Дешті Қыпшақты билеген әулеттер жайындағы әңгімелер тобынан құралды, әрі қарай олар әулеттің әрбір өкілі туралы жеке-жеке әңгімелерге жіктелді. Ал әулеттің қайсыбір өкілдері туралы хикаялардан екінші қатардағы топтамалар құрылатын.

Далалық ауызша тарихнаманың өзіне тән мазмұны мен түрі, меншікті құрылымы, мазмұндық тұрғыдан кеңістіктік-уақыттық тиянақты өлшемдері болды. Оны күрделі жүйе ретінде зерделеп, зерттеуге болады.

Далалық ауызша тарихнама мен отырықшы халықтардың жазбаша тарихнамасын салыстыра-салғастыра зерттеу ерекше — тақырып.

Тарихи жаңғыртудағы негізгі деректеме — шығыстық, ең алдымен түркі тілді, ортаазиялық шығармалар қатары. Бұларда далалық ауызша тарихнаманың мәліметтері тіркеліп қана қоймай, сонымен қатар біршама сипаттамасы да бар. Бұл қатарда Мұхаммед Шайбани хан жазды делінетін “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме”, Өтеміс қажы Достының “Шыңғыс-намесі”, Қадыр-Ғали Жалайырдың “Жамиғ ат-тауарихы”, Әбу-л-Ғазының “Шежіре-йи түрк уамоғолы” және т. б. бар. Аталған еңбектердің мазмұндарында жазбаша тарихнама туындыларында кездеспейтін бірқатар хабарлар бар екені көрінеді. Бұл шығармалардың мәтіндерін салыстырғанда олардың бір-біріне тәуелсіз екені анықталды. Сондықтан бұл еңбектердегі бірқатар бірегей мәліметтердің үйлес болуының себебі — олардың авторлары далалық ауызша тарихнама мәліметтерін пайдаланған деген қорытынды өзінен-өзі туындайды. Мұның өзі Өтеміс қажы Достының “Шыңғыс-намесі” мен Қадыр-Ғали Жалайырдың “Жамиғ ат-тауарихының” мазмұндарын салыстырған кезде ерекше айқын көрінеді.

Далалық ауызша тарихнаманың мағлұматтары қамтылған көптеген шығармалардың түркі тілдерінде жазылғаны айрықша маңызды екенін атап айту керек. Мұның өзі қазақ, татар, ноғай, қарақалпақ, өзбек және басқа халықтар тілдерінің қалыптасу тарихын зерделеуде едәуір көмектесетінін айтпағанда, мәдени-тарихи тұрғыдағы зерттеулердің дамуына нақты серпін береді. Өйткені, бұл шығармаларда шындық Дешті Қыпшақтың тарихи болмысында қалай бейнеленсе, нақ солай белгіленген. Бұл орайда жазбаша тарихнама туындыларының бірсыпырасының тілі болған парсы тілінің шындыққа біраз көлеңке түсіретіні анық. Алайда Қадыр-Ғали Жалайырдың “Жамиғ ат-тауарихы” секілді шығармалардың ең басты құндылығы — оларда авторлардың дүниетанымы мен идеологиясының әлеуметтік-таптық шектеулілігіне қарамастан халықтың рухы, ой-ниеті анық бейнеленді.

Далалық ауызша тарихнама Дешті Қыпшақ тұрғындарының — қазақтардың, ноғайлардың, қарақалпақтардың, татарлар-

дың және басқа да халықтардың ата-бабаларының сонау ғасырлар тұңғығынан жеткен әуез-үні. Бұл тарихнаманың бізге жеткізетіні басқалардың бөтен пікірлері емес. Олар бізге өз тарихымыздың тарауларын сол тарихты жасаған халықтарымыздың өз үн-әуезімен оқып бергендей болады.

Қазіргі заманғы деректемелердің ғылыми әдісі арқылы Дешті Қыпшақ халықтарының әлеуметтік жадының осы түрін қазіргі кездегі қол жетерлік сәйкестік дәрежесінде қалпына келтіруге болады.

Далалық ауызша тарихнаманы зерттеу дегеніміздің өзі ең алдымен оның жеке бөліктерін жинақтап, қайта құрастыруға, бұдан әрі оның мағлұматтарын ғылыми тұрғыдан талдау арқылы бір тұтастығын қалпына келтіруге әрекеттену. Бұл үшін деректемелердің барлық түрлерін, жекелеп алғанда Қадыр-Ғали Жалайырдың “Жамиғ ат-тауарихын” зерттеп, жариялап ғылыми айналымға түсіре отырып, далалық ауызша тарихнаманы қалпына келтіру қажет.

Дастандардың түсіндірмелер берілген аудармаларын жариялау Дешті Қыпшақ көшпелілерінің ұрпақтары болып табылатын халықтардың өз өткендері туралы сол өткен замандардағы білімдерін ішінара болса да қайта жаңғырту мақсатына қызмет етуге тиіс.

Әр ұрпақ өзінен бұрынғылардың оң тәжірибесін жинақтап, меңгеріп, өз заманының тарихын жазуға тиіс. Белгілі бір кезеңде өмір сүрген ұрпақтың тарихы кітап болып жазылғаннан кейін, ортағасырлар авторларының сөзімен айтқанда, өзінен кейін келетіндер үшін “ескерткіш” болып қалады. Әрбір жаңа ұрпақ адамзаттың тарихи тәжірибесін жаңа мысалдармен байытады, ортақ ілім-білім қорын өз ақиқаттарын қосып молықтырады; осылайша бұрынғы мен қазіргінің және болашақтың арасында байланыс орнайды, идеялардың, тарихи-мәдени дәстүрлердің сабақтастығы қалыптасады.

Тарихи деректемелер ішкі және сыртқы болып екі топқа жіктеледі.

Сыртқы деректемелерді Орталық Азияның көрші мемлекеттерінің авторлары жазған. Бұлар парсы, араб, түрік, қытай және басқа тілдерде жазылған шығармалар. Біз зерттеп отырған кезеңде Ішкі Азияның түркі халықтары тарапынан тарихтың ұғынылуына мұсылман тарихи дәстүрінің ықпалы көп болды. Алайда, ілгеріде айтылғандай, көшпелі еместердің тарихи оқиғаларды өз



ыңғайына бейімдеуі, біржақты баяндауы күшті болғандықтан, бөтен тұрғыдағы көзқарас іспетті.

Ішкі деректемелер деп отырғанымыз бұл Орталық Азия тұрғындарының төл тарихи дәстүрі. Олар өз кезегінде екі топқа бөлінеді: 1) белгілі бір тарихи кезеңде түркі әлемінің әртүрлі өңірлерінде хатқа түскендері; 2) күні бүгінге дейін ауызша айтылып жүргендері.

Бірінші топқа Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі”, Қадыр-Ғали Жалайырдың “Жамиғ ат-тауарихы”, Әбу-л-Ғазының “Шежіре-йи түркі” жатады, бұлар сол замандағы белгілі бір ру-тайпалық бірлестіктердің ауызша тарихи дәстүріне негізделген. Екінші топтың құрамында тарихи аңыз-әңгімелер, шежірелер, дастандар, жоқтаулар және т.б. бар.

Жоғарыда аталған топтардағы ескерткіштер, зерттеушілердің пікірінше, “далалық ауызша тарихнаманы” құрайды. Бұл тарихнамалық төл дәстүрдің маңызды мәні болатын себебі ол қоғамдық идеологияның қалыптасуы мен өрбуіне шешуші ықпал етті. Мұның өзі тарихи шындық болмыс субъектісінің өзі туралы, өз өткені туралы жады. Ол ата-бабаларының ерлік қаракеттерін, халқының тарихын аңыз-әңгіме, өлең, жыр түрінде әңгімелейді, талай ұрпақтың айтуымен ауыздан-ауызға тарап жеткен және көпшілігі XVIII ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында ғана хатқа түсіп сақталған.

Ауызша тарихи дәстүрде басқа мәселелермен қатар Орталық Азиядағы ортағасырлық қоғамдардың мемлекеттік дәстүрлерінің тарихи сабақтастығы проблемасы зерделенеді.

Қазіргі заманғы ұғымда мемлекеттік дәстүр дегеніміз мемлекеттік құрылыстың бір мемлекеттерден екіншілеріне беріліп отыратын ортақ, негізгі және мәнді сипаттары мен құрамды бөліктерінің тарихи-генетикалық сабақтастығы. Зерттеуші В. В. Трепавловтың пікірінше, мемлекеттік басқару органдарының дәстүрлі жүйесі кез келген ортағасырлық мемлекеттің мазмұнындағы құрамды бөліктерінің бірі ғана болып табылады<sup>1</sup>. Осылайша дәстүр қаракеттің өзінде ғана емес, ол туралы ұғымдар түрінде де көрініс беруі мүмкін.

<sup>1</sup> Трепавлов В. В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. М., 1992. С. 4; Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Факсимиле, аударма, транскрипция, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу В. П. Юдиндікі. Түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жазған М. Қ. Әбусейітова (Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. I т.). Алматы, 2005. 34-б.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, мемлекеттік-саяси жалғасу “арналары” деп аталатын дәстүрді талдаудың зор маңызы бар. Мұндай “жеткізушілер” рөлін жазбаша ескерткіштер, халықтың ауызша шығармашылығы, әдеттік-құқықтық нормалар атқаратыны назарға алынатынын ескеру керек.

Орталық Азия көшпелі түркілерінің тарихы бойынша ескерткіштердің бірегей тобы — көшпелілердің ауызша тарихи танымын жеткізген деректемелер. Бұл топ ғылымда “далалық ауызша тарихнама” немесе “далалық ауызша тарихтану” деп аталатын болды.

Бірегей мағлұматтарға, тарих субъектісінің өз өткені туралы деректеріне негізделген далалық ауызша тарихнаманың әлеуметтік-саяси процестерді танып-білу үшін еш кем түспейтін, ал кейбір реттерде анағұрлым маңызды мәні бар. Бұл орайда жазбаша айғақтардан гөрі далалық ауызша дәстүрдің шешуші рөл атқаратынын айрықша атап айту керек. Оның үстіне далалық ауызша тарихнаманың мағлұматтары хатқа түсу арқылы немесе одан да гөрі маңыздысы — жаңадан пайда болған құрылымдардың мемлекеттік принциптері арқылы түгелдей айғақталып отырды.

Мемлекеттік дәстүрдің жалғастығының енді бір маңызды “арнасы” билік қатынастарының әлемді идеологиялық тұрғыдан жаңаша ұғынуға негізделіп ұйымдастырылуы болды. Бұл жаңаша ұғынудың түптамасы ежелгі түркілер заманынан бастау алып, моңғол басқыншылықтары заманында барынша қайта құрылған болатын. Орталықазиялық тарихтану мектебі Шыңғыс ханның жаулап алуларының заманауи рухани әлем мен дүниетануға, сол арқылы мемлекеттік пен жалпыәлемдік құрылымға ықпалы мәселелерін зерттеді. Еуразияның түркі және моңғол халықтарының тарихи тағдырындағы бұл құбылыс “шыңғысизм” деп аталды.

Шыңғысизм қуатты идеялық-дүниетанымдық қайсыбір өлшемдері жағынан діни дүниетанымға жақындаған және орасан зор практикалық мәні бар жүйе болды. Шыңғысизмнің қоғамдық-саяси құрылысқа, әлеуметтік институттардың құрылымдарына, саяси және құқықтық нормаларға тікелей ықпалы болды. Ол Шыңғыс хан ұрпақтарының жоғарғы билік жүргізу құқығын қасиетті дәрежеге көтерді, хан атағы сол уақыттан бастап Шыңғыс хан ұрпақтарына ғана тиісті болып шықты. Оның ортағасырлық

түркі-моңғол қауымдарының ұғымына еркін енгендігі — дәстүрлі сипатының дәлелі. Шыңғыс хан туралы шежірелік аңыз түрінде әлемнің ортақ көрінісіне қосылған шыңғысизм мен оғызизм (Оғыз туралы аңыздар циклы) арасындағы ұқсастықтар, сондай-ақ оның кейінгі өзгерген түрі мен (едігеизм секілді) бертініректегі салғастырулар жаңа идеялық құрылманың өзіндік ерекшелігі туралы және оған қоса дәстүрлі сипаты туралы қорытындыға келтіреді.

Орталық Азияның XIV ғасырды қамтыған нақты-оқиғалық тарихын — “Шыңғыс-намені” — талдаудың негізінде мынадай бір қорытынды жасауға болады: билік жүйесі мен билік қатынастары ғана бірден-бірге беріліп отырмаған, мұнымен қатар жоғарғы билеушінің (ханның) өз қол астындағыларымен қарым-қатынастарының рет-жөні, бұдан гөрі маңыздысы — әулеттердің алмасуы және жаңа мемлекеттің құрылуы берілген. Мұның өзі Ақ Орданың ханы Ұрыстың қазасы туралы Өтеміс қажы баяндаған болжамды талдаған кезде расталады. Ұрыс ханның Тоқтамыспен шайқас кезінде қаза болуы және Ұрыс ханды Тоқтамыстың баласы Жалал әд-диннің өлтіруі, сондай-ақ жалпы тарихи жағдайлар кезіндегі дамыған дәстүр — сырттай мойындалғанмен, ханның бір орталықтан билік жүргізуінің болмауы, тайпалардың бөлектенуі, хан тарапынан жетерліктей билік құзіретінің болмауы, билеушіге қарсы наразылықтың бір түрі ретінде бектер бастаған “наразы” тайпалардың ауа көшуі — осының бәрі көшпелілердің билікпен арадағы қарым-қатынас туралы ұғымындағы қалыптасқан дәстүрлердің орнықтылығын айғақтайды. Орталық Азияның көшпелі тайпаларының арасындағы оқиғалардың бұдан арғы дамуында да осыларға ұқсас жайттар болды. Бұл тайпалардың тарихында Жәнібек пен Керейдің қол астындағы тайпаларымен Әбу-л-Хайр ханнан бөлініп ауа көшіп, жаңа мемлекет құруы осындай оқиға болған еді.

Шыңғыс ханның йасасына негізделген хандардың заңдары, атап айтқанда, Қасым ханның “Қасқа жолы”, Хаққ-Назар ханның “Ақ жолы”, Есім ханның “Ескі жолы”, Тәуке ханның “Жеті жарғысы” көшпелі қоғамның ішкі тірек негіздерін нығайтуға, мемлекеттілікті дамытуға бағытталды.

Көшпелі түркілердің мемлекеттігіне Шыңғыс хан ұрпақтары империясының тарихи ізашарларынан жалғасып келе жатқан дәстүрлі басқару әдіс-амалдары, әскери-әкімшілік жүйесі тән болды.

Моңғолдар бағындырған елдердің саяси өмірінде Шыңғыс хан ұрпағы ғана хан болатын мемлекеттік идея, яғни Шыңғыс хан ұрпағының билік жүргізу құқығы біршама тез арада және берік орнықты. Бұл тұрғыда тіпті ХІХ ғасырдың өзінде Орта Азия мен Қазақстанда Шыңғыс хан ұрпағы мен сұлтан атағына Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы мен саййид атағы секілді маңыз берілгенін атап айтуға болады.

Қазақ және өзбек халықтарында ХІХ ғасырдың аяғына дейін хан сайлаудың ежелгі ғұрпының шамамен сол түрде сақталғанын атап өту қажет. Тақтан үміткер сұлтандар мен біліктілердің көпшілігінің келісіміне жеткеннен кейін хандықтағы ең беделді сұлтандар мен билер оны ақ киізге көтеріп, “Хан, хан, хан!” деп жариялайтын болған. Мәселен, осы дәстүр қазіргі Түрікменстанда жаңғыртылған.

Біртұтас этностық мәдениетке қатыстылығын ұғынудың айқын белгісі, түркі халықтарының этностық танымының өзіндік тұжырымдамасы түркілер ортасында қалыптасқан, кезінде Құтлұқ, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк секілді қолбасшылар мен елбасылар көтеріп, кейін Баласағұни, Йасауи, Қашқари, Науаи қатарлы ойшылдар жалғастырған “Біртұтас Түркі Елі” идеясын ХХ ғасырдың басында ұлттық зиялыларымыз қайта жаңғыртқан.

Бұл басылымда қазіргі таңда библиографиялық сирек кітаптардың біріне айналған, 1969 жылы жарық көрген “ХV—ХVІІІ ғасырлардағы Қазақ хандықтары жөніндегі материалдардан” Қазақстан мен Орталық Азияның ХV—ХІХ ғасырлардағы тарихы жөнінде түркі тілінде жазылған құнды шығармалардан үзінділер қазақ тіліне алғаш аударылып беріліп отыр. Бұл шығармалар: Мұхаммед Шайбани хандікі делінетін “Тауарих-и гузида-йи нұсрат наме”, Камал әд-дин Бина’идің “Шайбани-намесі”, Абдалла Балхидің “Зубдат әл-асары”, Му’нис пен Агахидің “Фирдаус әл-иқбалы”, Молла Мұса Сайрамидің “Та’рих-и әминийасы”, “Тазкира-йи Қожа Мұхаммед Шариф”, “Сығнақ жарлықтары”, “Та’рих-и Қашғар”. Сонымен қатар далалық ауызша тарихнаманың мағлұматтары қамтылған Жалайыр Қадыр-Ғали бидің “Жамиғ ат-тауарихы”, Әбу-л-Ғазы Баһадүр ханның “Шежіре-йи түркі” туралы тарихи-деректемелік зерттеулер мен олардан үзінділер енген.

Аталған шығармаларда Дешті Қыпшақты мекендеген ру-тайпалардың құрамы, аймақтың саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы, тарихи жер-су атаулары туралы мәліметтер беріліп, тарихи оқиғалар суреттеледі.

Басылымда Пайғамбардың, қожалардың есімдеріне қоса берілген діни атақтар мен эпитеттер, діни тұрақты сөз тіркестері, кісі, жер, мансап атаулары мен терминдер мәтінді оқуда қиындық келтірмеу үшін қазақ тілі заңдылығымен жазылды.

Басылым соңында кісі есімдеріне, жер-су атауларына қатысты және терминдік, этнонимдік көрсеткіштер берілді.

*М. Қ. Әбусейітова,  
ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы  
Шығыстану институтының директоры,  
т.ғ.д., профессор*

# I. ТАУАРИХ-И ГУЗИДА-ЙИ НҰСРАТ-НАМЕ

Шығарманың мәтінінде автордың есімі берілмеген, белгілі екі нұсқасының екеуінде де бос орын қалдырылып, оған ештеңе жазылмаған. Авторы кім болғаны туралы бірнеше болжам айтылады. П. Лерхтің пікірінше, шығарманы Жалал ад-дин Румидің ұлы Сұлтан Валад жазған<sup>1</sup>. Бірақ ол XIV ғасырдың басында өмірден өткендіктен, “Тауарихтың”<sup>2</sup> сыни мәтінін басып шығарушының дұрыс көрсеткеніндей, оқиғалардың баяндалуы 1504 жылға дейін жеткізілген еңбектің авторы ол болуы мүмкін емес.

Р. Ғ. Муқминова осы шығармадан алынған үзіндінің негізінде “шығармада аты аталған Мұхаммед Темір — Шайбани ханның ұлы болып табылады, бұл факт “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наменің” құрастырылуына Шайбани ханның тікелей қатысқанын әрі шығарманың авторы баяндалып отырған оқиғаларға қатысқан, оған жақын адам болғанын көрсетеді”<sup>3</sup> деген болжам айтады. Р. Ғ. Муқминованың болжамын құптайтын А. А. Семенов “аталған шығарманың авторы Шайбани ханның өзі” деп енді неғұрлым анық атап көрсетеді<sup>4</sup>. А. М. Акрамов “Тауарихты” түркі тілді өлең

---

<sup>1</sup> Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. СПб., 1870. С. 11.

<sup>2</sup> Тауарих-и гузида — Нусрат-наме / Исследование, критический текст, аннотированное оглавление и таблицы сводных оглавлений кандидата филол. наук А. М. Акрамова. Ташкент, 1967. С. 14.

<sup>3</sup> Муқминова Р. Ғ. О некоторых источниках по истории Узбекистана начала XVI в. // Труды Института востоковедения АН УзССР. Вып. 3. Ташкент, 1954. С. 126; Бұл да сонікі. К истории аграрных отношений в Узбекистане XVI в. По материалам “Вакф-наме”. Ташкент, 1966. С. 62.

<sup>4</sup> Семенов А. А. Первые шейбаниды и борьба за Мавераннахр // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии (МИТУСА). Вып. 1. Сталинабад, 1954. С. 113.

түрінде жазылған шығарма — “Шайбани-наменің” белгілі авторы Мұхаммед-Салих жазған” дейді, ал Мұхаммед Шайбани ханның шығарманың жазылуына қатысы барын теріске шығармай, “ол көшіріп жазумен айналысқан” деп тұжырымдайды. Атап айтқанда, әңгіме бірінші жақтан айтылатын және Мұхаммед Темірдің есімі аталған тұс “Шайбани ханның өз қолымен жазылған”<sup>5</sup> делінеді. “Шығарма хан Бұхара мен Самарқандты жаулап алғаннан кейін, оның бұйрығымен жазылған”, “әрине, хан өзіне-өзі бұйрық бермейді, “Тауарих-и гузида — Нұсрат-намеде” автордың Шайбани ханға қызмет етуге кіріскендігі туралы ойларын білдіретін жолдар бар”, яғни “Шайбани хан Самарқандты қоршап алған уақытта (1500 ж.) дәл осы Мұхаммед-Салих оған қызмет етуге келген”, “шығармада... Мұхаммед-Салихтың “Шайбани-намесінде” келтірілген өлеңдер бар және “Тауарих-и гузида — Нұсрат-наме” де Бинаи мен Мұхаммед-Салихтың “Шайбани-намесі” тәріздес болып құрастырылған” деген және т. б. дәлелдер келтіріледі<sup>6</sup>.

Егер қайсыбір ерекше қорытынды жасауға негіз болмаса, мәтіндердің сәйкестігін де, сондай-ақ шығармалардың құрастырылуындағы ұқсастықты кері мағынада да түсіндіруге болатынын атап өтпекпіз. Ал автордың Мұхаммед Шайбани ханға қызмет етуге кіріскендігі айтылған үзіндіге тоқталатын болсақ, біз оны басқаша түсінеміз және бұл жерде Алла мен Мұхаммед пайғамбар туралы сөз болып отыр деп ойлаймыз. Әрине, хан өзіне-өзі бұйрық бермейді, бірақ егер ол “халыққа жариялағысы” келгенінің нобайын қайсыбір әдебиетшінің атынан өзі жазса, онда оның бұйрығы да, өзі туралы үшінші жақтан айтуы да түсінікті болып шығады.

Біздің пікірімізше, шығарманың авторы Мұхаммед Шайбани хан екенін екі жайт анық дәлелдейді. Біріншіден, әңгіме ханның өз атынан айтылатын үзінді. Автор біраз уақыт бойы беріліп кетіп, әңгімені басқа кісінің атынан айтқызбақ болғанын ұмытып кетті деуге болады. Бірақ бұл жаңсақтық кейінгі уақытта неге түзетілмеген? Оның себебі, Бұхара мен Самарқандты басып алғаннан кейін, яғни Мауераннахрды иеленгеннен соң Мұхаммед-Салих және басқа да тәжірибелі әдебиетшілер Мұхаммед Шайбани ханның жағына өткен, сөйтіп ендігі жерде алғашқы нұсқасын “халыққа жариялау”

<sup>5</sup> Тауарих-и гузида — Нұсрат-наме. С. 16.

<sup>6</sup> Сонда. 14—18-бб.

қажет болмай, ол анықтамалық дайындама күйінде қалған. Осы әдебиетшілер өздерінің ана тілінде Мұхаммед Шайбани ханды дәріптейтін және осы мақсатта “Тауарихта” ұсынылған жоспарды, фактілік материал мен мақсатты нұсқауларды пайдалана отырып, өздерінің талғамы мен талантына сай келетін шығармалар жазды. Мұхаммед-Салихтың “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-намеге” қайсыбір қатысы болуы да ықтимал. Ол осы деректемемен жұмыс істеу ұсынылған бірінші кісі болуы мүмкін. Дегенмен, егер шығармаға Мұхаммед-Салихтың авторлығы күмән тудырса, Мұхаммед Шайбани ханның автор екендігі даусыз. Шығарманы жазуға ханның қаншалықты дәрежеде қатысқаны туралы ғана пікір таластыруға болады. Бина’идің “Шайбани-намесін” көшіруге қатысқаны жақсы мәлім екені сияқты ханның қатысуы шығарманы ішінара көшірумен ғана шектелді деп болжам жасауға болмайды, өйткені, бір жағдайда ол шын мәнінде көшіріп жазу, ал екіншісінде — авторлық. Мұхаммед-Салихтың Мұхаммед Шайбани хан жағына өтуі туралы үшінші жақтан айтылуы да түсініксіз: “...Хан қашуға мәжбүрлеп, бүгін таңда Самарқанды алуға дайын болғанда билкут омақлы Нұр Сағид бектің ұлы Мұхаммед-Салих бек .... тарханнан қашып келіп, айтты...”.

Егер ханның неліктен үшінші жақтан жазғаны түсінікті болса, онда Мұхаммед-Салихтың тарапынан бұл мүлдем түсініксіз.

Ақыр соңында “Тауарихтың” Санкт-Петербургтік нұсқасының 70<sup>a-6</sup> парағында сыни мәтінге енбеген үзінді бар екенін айтуға тиіспіз, ол 113<sup>a</sup> парақтағы дәйексөздің жалғасы болып табылады және онда әңгіме Мұхаммед Шайбани ханның атынан, яғни бірінші жақтан айтылады.

Мұхаммед Шайбани ханның авторлығын дәлелдейтін екінші уәж — “Тауарихтың” және ханның басқа шығармаларының тілінің (лексикасы, фонетикасы, морфологиясының) ұқсастығы. Хроникада түркі тіліндегі қыпшақ элементтерінің саны аз емес және бұл сипаты бойынша ол Әлішер Науайдің және сол Мұхаммед-Салихтың шығармаларының тілінен тым өзгеше. Шығарманың тілін ескі қазақ тілі немесе қалай болғанда да көптеген қыпшақ (қазақ) элементтері бар шағатай тілі деп анықтауға болады. Стилi қарапайым, ықшам; кейбір лексикалық элементтері, сондай-ақ баяндау стилі моңғол хроникалары, бәлкім “Құпия шежіре” тікелей пайдаланылған тәрізді



болып көрінеді. Шамасы, алғашында ұйғыр әріптерімен жазылған болу керек, оны орфографиялық ерекшеліктер мен оған тән сипатты қателіктерден көруге болады. “Зубдат әл-асардың” авторы Абдалла ибн Мұхаммед ибн Әли Насраллаһи<sup>7</sup> деректеме ретінде пайдаланған және “ұйғыр бахшылары ұйғырша және ұйғыр жазуымен жазып құрастырған “Тарих-и хани” хроникасы сипатталып отырған шығармаға ұқсас болса керек.

“Тауарих” авторын анықтаудан басқа шығарма атауының түсіндірмесі де даулы мәселе. Шығарма атауының “Жеңіс кітабының таңдаулы тарихтары” немесе “Жеңіс кітабындағы таңдаулы жылнамалар” деп аударылуы үйреншікті болып көрінді. А. М. Акрамов: “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме” емес, “Тауарих-и гузида — Нұсрат-наме” деп, яғни шығарманың парсыша атауында құрамдас екі бөлімінің арасында изафеттік байланыс жоқ деп болжай отырып, “Жеңіс кітабы — Таңдаулы тарихтар”<sup>8</sup> деген басқа нұсқасын ұсынады. Бұған келісу қиын, өйткені, шығарманың атауы құрамдас екі бөлімнің тепе-теңдігі принципінде құрылған деп санағанның өзінде XVI ғасырдағы парсы (тәжік) тілінің морфологиясы изафеттік қойылымды қажет етер еді. Бұл жағдайда оны білдіретін хамзаның жоқтығы ақтық дәлел емес, өйткені “Тауарих” мәтінінен осыған ұқсас басқа мысалдарды да табуға болады. Ұқсас атаудың басқа тілге аудармада берілуі әбден мүмкін, ал парсышада ол қазіргі тілдің нормаларын XVI ғасырдағы ескі әдеби тілге тарату болып шығар еді.

Жоғарыда келтірілген екі атау аударма нұсқасында берілуі әбден мүмкін. Бірақ бізге “Жеңістің таңдаулы күндері кітабы” деген үшінші нұсқа қолайлырақ болып көрінеді. Шығармаға түгелдей осы идея арқау болған. Онда Мұхаммед Шайбани ханның салтанатты жеңісі, оның Орта Азияда біржола нығаюы туралы айтылады.

Шығарма 1502 ж. қарашаның 2-сіне сай келетін 908 х. ж. жұмада I айынан бастап жазылған. “Тауарихта” сипатталған соңғы оқиғалар 909 х. ж. зү-л-хижжа айында, яғни 1504 ж. сәуір-мамыр

<sup>7</sup> Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан // Бартольд В. В. Сочинения. Т. VIII. М., 1973. С. 131.

<sup>8</sup> Бұл мәселе бойынша егжей-тегжейін мынадан қараңыз: Тауарих-и гузида — Нұсрат-наме. С. 20–24.

айларында болған. Мұхаммед Шайбани хан 1510 ж. қаза тапқан, олай болса, шығарма 1504—1510 жылдар аралығында жазылып біткен. Тегінде, ең ықтималы, шығарма 1504 ж. жазылып біткен деп есептейміз.

Шығарманың екі нұсқасы белгілі, оның бірі — РҒА ШИ СПб Ф. інде<sup>9</sup>, екіншісі — Британ музейінде<sup>10</sup> сақтаулы.

“Тауарихты” жазуда моңғол шапқыншылығынан кейінгі дәуірде Орта Азия мен Иранда парсы тілінде жазылған көптеген шығармалар пайдаланылған. Олардың қатарында Хамдалла Мұстауфи Қазвинидің “Тауарих-и гузидасы” деп саналатын “Ислам-шах Ғазан ханның қызына (?) арналған таңдамалы жылнамалар” деп аударылуға тиіс Ала әд-дин Ата Мәлік Жувайнидің белгілі шығармасы “Тауарих-и гузида-йи Ислам-шах Ғазан ханның қызы” деп түсінілетін “Тауарих-и жаһангушай-и Меңгу-хан ибн Тулуй-хан”, “Мунтахаб-и жамиғ” және Ұлықбек мырзаға арнап жазылған “Тауарих-и шахи” аталады. Соңғы екі шығарманың атауы “Тауарих” мәтінінде жалғау арқылы қате бөлініп, мұнда анығында Рашид әд-диннің белгілі еңбегі “Жамиғ ат-тауарих” деп саналатын бір ғана шығарма — “Мунтахаб-и жамиғ-и тауарих-и шахи” аталып отырған болуы мүмкін. Бірақ бұл жағдайда Ұлықбек мырзаға арналуы түсініксіз. Дұрысы “Тауарих-и шахи” деп шынында бір ерекше шығарма айтылған болар. Сонымен қатар, моңғол бахшыларының моңғол жазуымен жазған шығармалары да пайдаланылған (моңғол бахшылары моңғол хатымен жазылған шығармаларды жеңілдетпек үшін парсы тілі жазуымен береді).

Бұл жерде “Тауарих” орфографиясына тән ерекшелікті ішінара түсіндіретін ұйғыр әрпімен ұйғыр тілінде жазылған шығармалар туралы айтылуы мүмкін.

А. М. Акрамов “Тауарих” авторы сондай-ақ Низам әд-дин Шамидің “Зафар-наме” және Абд әр-Раззақ Самарқандидің “Матла‘ ас-са‘дайн ва мажма‘ ал-бахрайн” атты шығармаларын да пайдаланған деп санайды<sup>11</sup>.

<sup>9</sup> Дмитриева Л. В., Мугинов А. М., Муратов С. Н. Описание тюркских рукописей Института народов Азии (ОТР). Т. I. М., 1965. С. 87—88.

<sup>10</sup> Rieu Ch. Catalogue of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London, 1888. P. 276—280.

<sup>11</sup> Тауарих-и гузида — Нусрат-наме. С. 24.

“Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме” басмаладан, авторлық кіріспеден, оғыздың, түркі, моңғол тайпаларының тарихтарынан, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының тарихынан, Шыңғыс хан ұрпақтарының шежірелерінен тұрады; бұл шежірелерде Шайбанның, Тоқа-Темір мен Шағатайдың ұрпақтары шығарманың жазылып жатқан уақытына дейін жеткізілген, сондай-ақ Мұхаммед Шайбани хан тарихы қамтылған. Әбу-л-Хайр ханды, Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмұд-Баһадүр сұлтанды, Мұхаммед Шайбани ханның ұлы Мұхаммед Темір сұлтанды сипаттау үшін ерекше параграфтар бөлінген. Шығармаға Әмір Темір тарихынан да кейбір мәліметтер енген. Шығарма мазмұны, әсіресе, Мұхаммед Шайбани ханға арналған соңғы бөлімі осы ханның іс-әрекеттерін жақсы жағынан, керісінше оның қарсыластарын ұнамсыз жағынан көрсету мақсатында қатаң редакцияланған. Мысалы, Әмір Темірдің әкесі Тарағай Шағатай әулетінің қойма сақтаушысы болған делінеді, ал оның есімі түркі тіліндегі “тары” сөзімен салғастырылып, Темір ұрпақтарының шығу тегіне күдік келтіруге әрекет жасалады, осылайша олардың шыққан тегін “жауыз” деп дәлелдемек болады. Әртүрлі дәрежелі Темір ұрпақтары әдейі мырзалар деп баса атап айтылады, автордың пікірінше, мұның өзі хандармен, сұлтандармен, Шыңғыс хан ұрпақтарымен салыстырғанда олардың шыққан тегі төмен екенін көрсетуге тиіс болған.

Шамасы, парақтары бүлінген қолжазбадан көшіріп жазғаннан болар, бізге жеткен екі қолжазба да ақаулы. Қолжазбаның екі нұсқасында да кейбір бөлімдері жетіспейді. Жалпы Санкт-Петербургтік нұсқасына қарағанда Лондондық нұсқасы толығырақ. Бізге “Тауарихтың” негізгі екі нұсқасынан басқа осы хрониканың қысқартылған бірнеше нұсқасы жеткен, оларда оқиғалардың баяндалуын Мұхаммед Шайбани ханның қайтыс болған күніне дейін жеткізетін қысқаша толықтырма бар және бұлар, солар жазған деп әртүрлі адамдарға орынсыз телініп жүр. И. Березин осы нұсқалардың бірін орыс тіліне аударып, шығыстық мәтінін қоса жариялаған<sup>12</sup>. Шығарма әр нәрсеге байланысты мұсылмандық ізгілік рухында Мұхаммед Шайбани ханның өзі айтқан өлеңдерге, нақылдарға толы. Шығармадағы жеке

<sup>12</sup> Березин И. Шейбаниада: История монголо-тюрков на джагатайском диалекте с переводом, примечаниями и приложениями... // Библиотека восточных историков, издаваемая И. Березиным. Т. I. Казань, 1849.

бөлімдер жасанды түрде біріктірілген, олардың қиысуы және бір бөлімнен екінші бөлімге ауысуы әдеби тұрғыдан өңделмеген. Әңгіме көтеріңкі, батырлық-эпостық сарында баяндалған.

“Тауарихтың” бастапқы бөлімдеріне (оғыз, түркі және моңғол тайпаларының тарихы, Шыңғыс хан мен жақын ұрпақтарының тарихы, Әмір Темір тарихы) арнайы салыстырмалы зерттеу жүргізілмеген. Зерттеушілер осы бөлімдерден құнды мәліметтер табуы әбден мүмкін.

Қазақ халқының тарихы үшін Мұхаммед Шайбани ханның өмірі мен қызметі туралы тараудың және Жошы ұрпағы шежіресінің бірқатар мәні бар. Шежірелер егжей-тегжейлі берілген, олар арқылы кейде Шыңғыс хан ұрпақтарының кейбір тармақтарының шығу тегін жаңаша түсіндіруге, атап айтқанда, қазақ хандары әулетінің шығу тегі туралы мәселені тиянақтап шешуге, олардың арасындағы туыстық қатынастарды анықтауға болады. Мұның өзі Алтын Орданың және оның қирандыларында пайда болған мемлекеттік құрылымдардың тарихындағы фактілерді түсіндіру үшін өте маңызды, өйткені бұл кезеңнің деректемелік базасы екінші бірінде белгілі бір адамның қайдан келгенін және оның әрекеттерінің себепсалдарын түсіндіре алмайды. Оларда XVI ғасырдың бірінші жартысына дейінгі қазақ хандары мен сұлтандарының есімдері, мысалы, Бұрындық хан мен Барақ ханның ұлдары мен қыздарының есімдері аталған. Осы шежірелер арқылы Керей мен Жәнібек бірге туған емес, үш атадан қосылатын ағалы-інілі екендігі анықталады.

“Тауарихта” Әбу-л-Хайр хан өлгеннен кейін Шығыс Дешті Қыпшақ даласындағы қалыптасқан жағдай, Керей мен Жәнібектің осы даладағы іс-әрекеттері туралы айтылады. Әсіресе Сырдария бойындағы қалаларды иелену үшін Мұхаммед Шайбани ханның қазақ және моғол хандарымен шайқастары туралы егжей-тегжейлі баяндалады.

Шығармада Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің ру-тайпалық құрамына, әлеуметтік-экономикалық қатынастарына, мемлекеттік құрылымына қатысты және басқа да көптеген мәліметтер бар.

“Тауарих-и гузида-йи нұсрат-намені” Ch. Rieu, P. F. Муқминова, С. А. Азимджанова<sup>13</sup>, Б. А. Ахмедов<sup>14</sup>, РФА ШИ Санкт-Петербург

<sup>13</sup> Азимджанова С. К истории Ферганы второй половины XV в. Ташкент, 1957. С. 12–14.

<sup>14</sup> Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. М., 1965. С. 19–20; Бұл да сонікі. Историко-географическая литература Средней Азии XVI–XVIII вв. (Письменные памятники). Ташкент, 1985. С. 12–15.

филиалы түркі қолжазбалар каталогінің авторлары<sup>15</sup>, М. Қ. Әбусейітова, Ю. Г. Баранова<sup>16</sup> сипаттап зерттеген. С. К. Ибрагимов өз еңбектерінде осы шығармаға тоқталып, “Тауарихтың” шағын үзінділерін<sup>17</sup> орыс тілінде жариялаған<sup>18</sup>. А. М. Акрамов “Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің” қолжазбасы мен хроникалық мазмұнын әрі түрлі аспектілер тұрғысынан жан-жақты талдаған, көптеген жаңа және құнды тұжырымға толы бірқатар мақалалар жариялап, талмай еңбектенген зерттеуші болып табылады<sup>19</sup>. Бүкіл шығарманың тамаша басылымы<sup>20</sup> да оның еңбегі, онда сыни мәтін, факсимиле, хрониканың зерттелу тарихын кең қамтыған мақалалар берілген және мәтіннамалық ескертулер білікті жасалған. “XV—XVIII ғасырлардағы Қазақ хандықтары жөніндегі материалдарда” (Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков) “Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеден” үзінділердің ғылыми түсіндірмесі жасалған орысша аудармасы мен шығарма туралы тарихи-деректемелік зерттеу мақала В. П. Юдиннің дайындауымен жарық көрген<sup>21</sup>. Біз оқыр-

<sup>15</sup> ОТР. Т. I. С. 87—88.

<sup>16</sup> *Абусейітова М. Х., Баранова Ю. Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII—XVIII вв. (библиографические обзоры). Алматы, 2001. С. 28—39.*

<sup>17</sup> *Ибрагимов С. К. Некоторые данные к истории казахов XV—XVI веков // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тарих, экономика, философия, құқық сериясы. 1956. 3-шығ. 107, 108—111-бб.*

<sup>18</sup> *Ибрагимов С. К. Некоторые источники по истории Казахстана XV—XVI вв. // ҚазССР ҒА Хабаршысы. 1956. № 9 (138). 54—55-бб.; Бұл да сонікі. Қазақ тарихының кейбір жаңа деректері жөнінде // ҚазССР ҒА Хабарлары. 1959. 1-шығ. (9). 76-б.; Бұл да сонікі. Новые материалы по истории Казахстана XV—XVI вв. // История СССР. 1960. № 4. С. 152—158.*

<sup>19</sup> *Акрамов А. М. “Тауарих-и гузида — Нусрат-наме” как источник по истории Узбекистана XV— начала XVI века // Общественные науки в Узбекистане (ОНУ). 1963. № 8; Бұл да сонікі. Сокращенная версия “Избранных историй книги побед” // ОНУ. 1964. № 5. С. 48—51; Бұл да сонікі. “Тауарих-и гузида нусрат-наме” қолжазбасының Лондонда сақланаётган нусхасында // Шарққа оид материаллар. Ташкент, 1966. 24—32-бб.; Бұл да сонікі. Духаммад Салих. Ташкент, 1966 (өзбек тілінде).*

<sup>20</sup> *Тауарих-и гузида — Нусрат-наме / Исслед., критич. текст, аннотированное оглавление и таблица сводных оглавлений кандидата филол. наук А. М. Акрамова. Ташкент, 1967.*

<sup>21</sup> *Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков: (извлечение из персидских и тюркских сочинений) (МИКХ) / Сост.: С. К. Ибра-*

ман назарына В. П. Юдиннің дайындаған осы аудармасын қазақ тілінде ұсынып отырмыз.

“Тауарихтан” алынған мәліметтерді В. В. Бартольд, А. А. Семенов, К. И. Петров<sup>22</sup>, жоғарыда аталған зерттеушілердің бәрі де және басқа көптеген авторлар өз еңбектерінде пайдаланған.

[57<sup>a</sup>↓] **О**ның [Әбу-л-Хайр ханның<sup>1</sup>] заманында Қышлық<sup>2</sup> ұрпағынан тараған Бахшыбек баһадүр мен Құтлұқ-Бұқа баһадүр қылыш шапты. Ханның қызметінде қылыш шауып [сонымен қатар] іждағат танытқан бектердің<sup>3</sup> есімдері: дүрмен тайпасынан — Йақұб [↑57<sup>a</sup>/57<sup>o</sup>↓] [пен] Қарағадай бек, найман тайпасынан — Шайх-Сопы.

**Ханның Чимги-Тура<sup>4</sup> қаласының даруғасы<sup>5</sup> қызметін табыс еткені туралы әңгіме. Аса рақымдылық танытқан хан оларға Чимги-Тураның даруға қызметін табыс етті**

Бұларға қоса дүрмен тайпасынан — Қырны Тарыншақ баһадүр де, ішкі<sup>6</sup> тобынан — Илин қожа мен Суфра қожа болған. Олар — қазақлық<sup>7</sup> уақытында қылыш шауып, оның құдіреттілігіне себепкер болған адамдар.

[Сол уақытта] енді оның құдіреттілігі орныққан кездегі бектердің есімдері: қийат Исатай бек<sup>8</sup> ұрпақтарынан — Бұзанжар бек, қоңырат Әли бек ұрпақтарынан — Мұхаммед бек, түмен<sup>9</sup> тобынан — Тәңріберді бек, маңғыт тайпасынан — Едіге бектің<sup>10</sup> немересі Уаққас бек. Осы бек ханның Сайын<sup>11</sup> тағына отыруына екі мәрте себепкер болды. Ол көп қылыштасып, ханның даңқын арттырды. Бақтийар сұлтан<sup>12</sup> мен Уаққас бектің заманында осы ұлыс<sup>13</sup> өсіп-өркендеді, ол бұларды “жарылқаушылар” деп атап, емін-еркін өмірдің рақатын көрді.

Қазақлық уақытында қылыш шапқандар — [олар] Йақұб қожа, Йусуф қожа, Қара-Қамыш-Бахрам қожа, Йункачук-Толун қожа. Түмен мыңбегілерінен<sup>14</sup> — Қылыш-бай баһадүр, Буржи-Қара-Дәу-

гимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата, 1969. С. 9–49, 493–504.

<sup>22</sup> Петров К. И. Очерки феодальных отношений у киргизов в XV–XVIII вв. Фрунзе, 1961; Бұл да сонікі. К истории движения киргизов на Тянь-Шань и их взаимоотношений с ойратами в XIII–XV вв. Фрунзе, 1961; Бұл да сонікі. Очерк происхождения киргизского народа. Фрунзе, 1963.

лет-қожа баһадүр. Ұйғырдан — Ұбағу [мен] Ұахши қожа. Дүрменнен — Инка қожа мен Йумадуқ. Түбей-түменнен — Дәруіш баһадүр, ушуннен — Шайх-Мұхаммед баһадүр, [↑57<sup>6</sup>/58<sup>a</sup>↓] Құдағай, Осман баһадүр, қоңыраттан — Инақ-Иағлы қожа, оның інісі Ұрұш баһадүр.

Осы жазылғандардан басқа оның билігі күшейгенде [ханға] көп кісілер келді. Осы келгендердің ішінде уртачи обаққа<sup>15</sup> жататындары — Мурут-Сопы бек, чат омаққа жататындар Қажы-Сопы бек, масит омаққа жататындары — Иабағу бек, Керей-қожа бек; найманнан — Омар баһадүр, Әбу Бәкір мен Осман баһадүр. Сонымен бірге бекқұт [тайпасының] құйындарынан<sup>16</sup> — Мурут-Сопы оғлан, осы елден<sup>17</sup> — Шайх-Сопы оғлан, шымбайдан — Хұсайн бек оғлан, шункардан — ...о[ғла]н, шахбахтлықтан Балх оғлан, ижанлық Бишканда оғлан, оның інісі Қызыр-Шайх оғлан.

[66<sup>6</sup>↓] Осы Махмұд баһадүр сұлтан<sup>18</sup> үш жасында қалмақ<sup>19</sup> Өз-Темір тайшыға тап болған. Ол оның қолында жеті жыл болды, жеті жылдан кейін [Өз-Темір тайшы] оны қадір-құрметпен атасы Әбу-л-Хайр ханға қызмет етуге жіберді.

Содан кейін оның ағасы Түркістан<sup>20</sup> уәлаятын<sup>21</sup> иеленгенде [Шайбани әулеті<sup>22</sup> мен қазақ хандары] арасындағы қандастыққа қарамастан, Сабранның<sup>22</sup> тұрғындары зұлымдық пен аярлыққа барып [қазақтармен] қулық келісімшарт жасасып, Махмұд баһадүр сұлтанды қолға түсіріп, оларға берді. Қасым сұлтан<sup>24</sup> Махмұд баһадүрдің бөлесі болғандықтан, ол Махмұд сұлтанды құрметтеп шығарып салып [Мұхаммед Шайбани ханға<sup>25</sup>] жіберді.

Содан кейін [Махмұд баһадүр сұлтан] аз адамдарымен моғолдарға<sup>26</sup> шапқыншылықтан қайтып келе жатқанда оған көп адамдарымен Ахмед бек кездесіп, оны Сұлтан Махмұд ханға<sup>27</sup> жіберді. Ол Мұхаммед Шайбани ханмен келісімшартта болғандықтан, ол бұлардың арасындағы келісімді қайта жаңғыртып, лайықты қадір-құрметпен шығарып сала отырып, Махмұд сұлтанды [оның ағасына] жіберді.

Содан кейін Бұрындық хан<sup>28</sup> оны [өзіне] күйеу баласы етті, осыдан кейін жаман істі бастап, оны қолға түсіріп, [↑66<sup>6</sup>/67<sup>a</sup>↓] [өзіне] алып келе жатты, оның ағасы Мұхаммед Шайбани хан [оны] бар екпінімен қуып жетіп қатал соққы беріп, Түркістанға келді. Махмұд баһадүрмен бірге тұтқынға алынған бектердің есімдері:

Сарығ оғлан, қоңыраттан Хұсайн-Әли мырза, құсшыдан Қоңқас бек, Көбек бек, сонымен қатар ханның көкілташы<sup>29</sup> Йақұб баһадүр. Алла Ибраһим пайғамбар — *әләйһи-с-саламды* Нәмродтың<sup>30</sup> отынан құтқарғаны және Жүніс — *әләйһи-с-саламды* балықтың асқазанынан теңізге<sup>31</sup> босатқаны тәрізді, егер Алла тағала қайсыбір құлына мейірімі түсіп, сол құлдың да хаққа деген сенімі кәміл болса, Құдай оны әртүрлі бәле-жаладан сақтап, *ин ша' Алла тағала* [оны] мақсатына жеткізеді!

### Махмұд баһадүр сұлтанның әйелдері туралы

Ол әуелі Аббас бектің<sup>32</sup> баласы Әли мырзаның қызын әйелдікке алды. Содан кейін Хабит атанған Бектің қызын әйелдікке алды. Одан Маулана Ұбайдалла сұлтан<sup>33</sup> туды. Содан кейін Әли сопының қызын әйелдікке алды. Ұбайдалла сұлтанның шешесімен ажырасты. Сонымен қатар Саййид-Атаның<sup>34</sup> ұрпағы Мұртаза қожаның қызына ғашық болып, әйелдікке алды. Ол қайтыс болды. [↑67<sup>a</sup>/67<sup>b</sup>↓] Содан кейін Едіге бектің баласы Наурыз бектің немересі Йумнақ мырзаның қызын әйелдікке алды. Ол оған жиен болатын. Осыдан кейін ол өзінің әкесінің інісі Шайх Ибраһим сұлтанның қызын әйелдікке алғанда Мұхаммед мырзаның қызынан ажырасты. Оның інісі Құл-Саййид мырзаның қызын әйелдікке алып, онымен де ажырасты. Содан кейін Ұрұс ханның<sup>35</sup> ұрпағы Бұрындық ханның қызын әйелдікке алды...

[78<sup>a</sup>↓] Сахыб-и Қыран<sup>36</sup> Әбу-л-Фатх<sup>37</sup> Мұхаммед Шайбани ханның — *Алла оның патшалығын мәңгі еткей* — ұлы Мұхаммед Темір баһадүр ханның әйелдері туралы

Ол Бұрындық ханның қызын әйелдікке алды. Содан кейін Аббас бектің ұлы Құдай-берді мырзаның қызын әйелдікке алып, онымен ажырасты. Содан кейін Бұхараны иеленгенде Абд әл-Әли бектің<sup>38</sup> қызынан туылған термездік саййид<sup>39</sup> Хаван-задениң қызын әйелдікке алды. Содан кейін Сұлтан Әли мырзаны<sup>40</sup> өлтіріп, Сұлтан Ахмед мырзаның<sup>41</sup> қызын әйелдікке алды. Бұрындық ханның қызынан Абд әш-Шах сұлтан туды. Содан кейін ол Ташкентке келгенде Ахси<sup>42</sup> маңында екі ханмен<sup>43</sup> шайқасып, екі ханды